

ЭКОНОМИКА

апталық газет

№17 (503)
28 СӘУІР –
3 МАМЫР
2017 ЖЫЛ

ISSN 1999-5830



9 771999 583003

www.facebook.com/economkaz.kz



www.twitter.com/economkaz • kazekonomica@mail.ru

Бизнес&Қоғам

Бизнес&Мәдениет



«МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗДАР» ЖОБАСЫ

> [4]



ДОМБЫРАНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІ КҮМБІРЛЕП...

> [6]

• **Үкімет: іргелі істер үрдісінде**

ҚОҒАМ ТЫНЫСЫНАН – ҚАЖЕТТІЛІК АЙҚЫНДАЛАДЫ



Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстанның қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің тұжырымдамасы талқыланды. Сондай-ақ, отырыста екі заң жобасы қаралды.

Еліміздің денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов атап өткендей, 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» денсаулық сақтауды дамытудын мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – қоғамдық денсаулық сақтау қызметін құру. Бұл қызмет халықтың денсаулығын нығайту бойынша ведомствоаралық жұмыстарды реттеумен және үйлестірумен айналысатын болады.

Әлемнің көптеген елдеріндегі тәрізді, Қазақстанда да ауру мен өлім-жітім негізінен жұқпалы емес созылмалы аурулар жағдайында орын алса, жұқпалы аурулар олардың жалпы көлемінің 2%-ін құрауда. Нәтижесінде, елімізде соңғы жылдары жұқпалы емес созылмалы ауруларға жұмсалатын шығындардың өсуі орын алып, 95-96%-ті көрсеткен.

Осы орайда, қоғамдық денсаулық сақтау моделін қалыптастыру арқылы ауруларды емдеуден бұрын олардың алдын алу шараларына назар аударылмақ. Бұл бізде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен айқындалған қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі он оперативті функциясының негізінде құрылады. Оған халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын эпидемиологиялық қадағалау, денсаулыққа қауіп төнген және төтенше жағдайларда мониторинг жүргізу және әрекет ету, денсаулықты қорғау, оның ішінде қоршаған ортаның, еңбек, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, денсаулықтың нашарлауын ерте анықтаумен аурулардың алдын алу шаралары кіреді. Көрсетілген функциялардың қатарында денсаулық сақтау саласын стратегиялық басшылықпен, құзыретті кадрлармен, сондай-ақ тұрақты ұйымдастырушылық құрылыммен және қаржыландырылумен қамтамасыз ету қажет.



КЕЛІСІМ

• Көсібің – нәсібің

Жаңа ғасырға қол созып, көш түзеген сайын әсері мол саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар мен экономикалық өзгерістердің де орын алуына толық көз жеткізіп жүрміз. Өркениетті, дамыған елдердің алдыңғы қатарынан орын алу үшін алдымен экономикалық қабілеттілігімізді арттыру маңызды. Осыған орай, әлемдік экономикалық тәжірибелер үлгісімен алмасып, еліміздің экономикалық әлеуетінің жоғарылауына өзіндік үлесін қосып, жас білікті мамандар даярлауда университетіміздегі Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі ерен еңбегімен ерекше көзге түсіп келеді.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП МАМАНДЫҒЫ – ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕР ЕСІГІ

2010 жылдың қыркүйегінен бастап аталмыш факультет «Экономика және бизнес жоғары мектебі» деп аталды. Факультетіміздің білімі мен сапалық көрсеткішін арттыруда аянбай қызмет етіп келе жатқан деканымыз экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Баян Жүндібайқызы Ермекбаеваның еңбегі орасан зор. Экономика және бизнес жоғары мектебі 4 кафедра бойынша білікті кадрлар даярлап келеді. Соған байланысты факультет деңгейінде үздік нәтижелер мен үлгілі жетістіктер көрсетіп жүрген «Есеп және аудит» мамандығына ерекше тоқталып өткім келеді. Жалпы, әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, бухгалтерлік есепті бизнестің тілі деп атайды. Яғни, бухгалтерлік есеп – шексіз мүмкіндіктер мен дүние жүзінің кез келген еліне жол ашатын әлемдік экономиканың маңызды және жоғары табысты саласы. Демек, экономиканың қыр сырын жетік меңгеріп, экономикалық қабілеттілік деңгейін арттыруға өз үлесінді қосамын десең жол ашық. Осы талапқа сай үздіксіз ізденіспен үлгілі қызмет көрсетіп келе жатқан «Есеп және аудит» кафедрасының ұжымы тәжірибелі, жоғары санатты, білікті оқытушы мамандардан құралған. Кафедраны экономика ғылымдарының докторы, профессор Адиля Манатқызы Байдильдина басқарады. Кафедрада алдыңғы қатарлы педагог-ғалымдар жұмыс істейді: экономика ғылымдарының докторы, профессор Р.Джаншанло, экономика ғылымдарының кандидаттар, доценттер: Б.Сұлтанова, Ж.Оралбаева, С.Баймұханова, М.Байдаулетов, А.Бейсенбаева, Г.Нұрғалиева, Ph.D доктор Н.Товма, сертификатталған тәжірибелі бухгалтерлер, аға оқытушылар Ж.Әбішева, А.Арыстанбаева, О.Когут, А.Исаева, Г.Әлімбаева, Г.Жүнісова, оқытушылар Ж.Куленова, М.Ноянов.

Бүгін біздің студенттерге диплом алғаннан кейін нарықта қажеттірек болу мүмкіндігі пайда болды, халықарылық CIPA сертификация бағдарламасы CAP – сертификатталған тәжірибелі бухгалтерге оқып, сертификат алу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, кафедра «Есеп және аудит» мамандығы бойынша аталмыш факультетте

• Рухани өріс

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ

«Домбыра party – non stop» жобасы – Қазақстан аумағында алғаш рет қолға алынған шара. Осы маңызды шара аясында талдықорғандықтар бір тәулік бойы домбыра шертіп, нұрлы көктемді ән мен күй сазына бөледі. Сөйтіп, Жетісу өңірінің домбырашы өнерпаздары Гиннестің рекордын жаңартуға оң қадам жасады.

Ұлттық нақышта безендірілген ақ боз үйдің түндігін жетісулық күйшілер, әншілер мен өнерге жаны құмар Алматы облысының әр өңірінен келген өнерпаздар қасиетті домбыраның қоңыр үнімен жаңғыртып жіберді. Бұл шеберлік сайысы өнерпаздардың өздерін ерекше желпіндіріп, тыңдарман қауымның да делебесін қоздырды. Қазақтың қасиетті



ДОМБЫРА

қоңыр үні

Талдықорғандықтар Гиннестің рекордын жаңартты

домбырасының күдіретіне тандай қағып, тамсанғандар көп болды.

Сүйінбай атындағы филармонияның дәстүрлі әншілері қазақтың ән-жырын, терме-дастандарын, күйлерін орындап, жиналғандарды ұлттық өнермен сусындатты. Шараны ұйымдастырушылар тәулікке созылған өнер сайысын

Гиннестің рекордтар кітабын енгізуді көздеген екен. Бірақ, рекордты ресми белгілейтін өкілдер домбыра кешіне келе мады. Дегенмен, оларға шара толық бейнежазбасы жіберіле болды.

Елімізде тұңғыш рет қолға алынған ауқымды домбыра кешінде жетісулық өнерпаздар

• Спорт

КІЛ ЖҮЙРІКТІ

қашықтықтан оқытуды жүзеге асырады.

Мамандарды жұмысқа орналастырудың мүмкіндігі өте үлкен: олар әр түрлі қызмет саласында бухгалтер, аудитор, жоспарлау-экономикалық бөлімінің маманы, бақылау-тексеру бөлімінің маманы, бас бухгалтер, қаржы директоры ретінде жұмыс істеумен қатар аудиторлық қызмет көрсету, бухгалтерлердің қызметін ұсыну, консалтингтік қызмет түрлерін көрсету фирмаларын ашу, табысты бизнесті жүргізудің де озық үлгілерін еркін меңгере алады.

Ертеңгі болашағына именбей, сеніммен қарап, анық қадам басуына жағдай туғызар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің алдыңғы көшінде сап түзеген Экономика және бизнес жоғары мектебінің есігі әрдайым баршаға ашық!

А.ИСАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
есеп және аудит кафедрасының
аға оқытушысы,
А.АРЫСТАНБЕКОВА



ЕЗУТАРТАР

«Отырған қыз орнын табады», дегенді естіген бір сегіз қызы бар апамыз үйіндегі бүкіл орындықты сатып жіберіпті.

Бір кемпір кезектің соңына келіп, шашы жалбыраған жігіттен:

— Қызым, кезектің арты кім? — деп сұрапты.

Жігіт ашуланып:

— Мен қыз емеспін, — депті.

Мұны естіген кемпір:

— Көргенсіз, қыз емес екенінді жұрттың алдында айтуға ұялмайсың ба өзін, — деп ұрсып тастапты.

Мектепте апай:

— Егер де мектепті 4 пен 5-ке бітірсеңдер, жұмаққа барасындар. Ал 2 мен 3-ке бітірсеңдер, тозаққа барасындар, — депті. Сол кезде артқы жақтан біреу:

— Апай, мектепті тірі бітіруге шанс бар ма? — депті.

Алматыда дәстүрлі VI қайырымдылық марафоны жарысы өтті. Дүбірлі додада еліміздің бүкіл аймағы мен көршілес Қырғызстан, Ресей мемлекеттерінен 13 мыңға жуық әуесқой спортшылар бақ сынады.

Марафондық жүгіру жарысы Президент паркінде бастау алды. Шараның ашылуында Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек пен велоспорттан Олимпиада чемпионы Александр Винокуров сөз алып, бұл марафонның бұқаралық спорты дамытуда маңызы зор екенін атап өтті. Қатысушылар арасында өнер, спорт жұлдыздары да болды. Марафон басталар алдында түрлі компаниялар, фирмалар, университеттер, қоғамдық бірлестіктер өздерінің акцияларын өткізіп, командаларын таныстырды.

Жарыс Орталық стадион жанында мәресіне жетті және жеңімпаздарды марапаттау



рәсімі де осында жүргізілді. 42 шақырымдық марафондық қашықтықта Ресейдің Барнауыл өлкесінен келген Николай Григоров жеңімпаз атанды. О аталмыш қашықтықта 2 сағат 30 минут, 08 секунд уақытта бағындырды. Жерлестеріміз жұлделі орыннан көрінді. Өскемендік Әмір Байтұқанов (2 сағат 33 минут, 07 секунд) - екінші, астаналық Айдын Қас

• Баспасөз – 2017

«ЭКОНОМИКАҒА» ИНТЕРНЕТ

Құрметті оқырман!

«Экономика» газетіне қазіргі таңда «Қазпоштадағы» дәстүрлі жазылу жүйесімен қатар интернет желісі арқылы да жазылуға болады. Ол үшін сіз www.postmarket.kz сайтына кіріп, «Интернет-жазылу» (интернет-подписка) деп аталатын ұяшық арқылы басылымдар тізімінің ішінен «Экономика» газетін тауып алып, жазылу бойынша ұсынылған операцияларды орындауыңыз қажет. Төлем жасау «виза» төлем картасы арқылы жүзеге асырылады.



Баспасөзге Подписка н

Интернет арқылы жазылымды ресімдеу сайтына кіру керек немесе Қазпошта

Для оформления подписки через интернет зайти на сайт www.postmarket.kz либо

www.postmarket.kz ☎ 1499



Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар
кеңесінің төрағасы

Жұмабек КЕНЖАЛИН

қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44

www.kazgazeta.kz

E-mail: kaz_gazeta@mail.ru



ЭКОНОМИКА
республикалық егжей-тегжей газеті

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың
орынбасары –
жауапты хатшы
Аманкелді ШОПАН

Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА,
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ,
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:

Астана қаласында: Толымбек Әбдірайым 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Төлеуғалиев 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзабеков 8 (7102) 90-19-73

Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым.

АЛ
ӘБ
ӘБ
БЕ
ГУ
ЕС
НУ
СА
СА
ТӘ
ХА